

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестр. 4 сабақ. Бірінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Ғасырлық тұлға.

Грамматикалық тақырып: Сөздердің синтаксистік байланысы.

Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқыңыз.

Тұлғаны заман шығарады. Адам қабілеті қоғам қажетсінген күрделі жағдайды шешуге бейімделеді. Бұл өз кезеңінің тұлғаға жүктер міндеті. Кемеңгер ойшыл, ұлы тұлға, ақын Абайдың еліміздің тарихында алатын орны зор. «Қара сөздер» атты философиялық шығармасында ұлттық сананы қалыптастыруға, ел мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге ұмтылады. Алдыңғы қатарлы елдің қатарына қосылу үшін білім мен ғылымды игеру керек екенін нақтылайды. Ұлт тұтастығының кепілі – ел бірлігі деп таныды. Абай шығармашылығында ұлттың тұрмыс-тіршілігі, мінезі, дүниетанымы, ділі мен діні тұтас қамтылған. Өмірдің мәні мен мақсаты – «адам болу».

Тарихымызда ел тағдырын биік қойған, ұлттың тұтастығын, жерінің бүтіндігін мақсат еткен қазақ батырлары тұлғалық деңгейге көтерілген. Олар ұлттық тұлға болды. Осы ұлттық тұлға тұғырына көтеріліп, тарихта есімдері қалған батырлар көп. Жоңғар-қалмақ басқыншылығына қарсы соғыс халқымыздан батырларды көп шығарды. Тіпті сол шақтағы қазақ жұртын бүтіндей батырлардан тұрады деуге болады. Сол көп батырдың ішінде де дарасы, батырларға да батырлықтың өнегесін көрсеткендері болады. Сондай дарабоз батыр – Қабанбай. Халықта Қаракерей Қабанбай атанған – Ерасыл Қожақұлы жеке батырлықтан қолбасшылыққа дейін жеткен, ел сыйлап, жұрт сенген, қайратына халық сүйінген кісі болған. Батыр, батыр болғанда да ешнәрседен ықпайтын нағыз батыр болыпты. Замандасы Шақшақ Жәнібектен Қарақыпшақ Ерназар батыр:

- Өзіңіз білетіндерден кімнің ерлігін ерен санайсыз? - деп сұрапты.

Сонда Жәнібек:

- Өткендегі, бергідегі қазақта Қабанбайдан артық батыр болған емес. Қабанбай – әруақты батыр. Бір өзі келе жатқанда екпінінен 400-500 адамның дүмпуі білінетін. Қабанбай жауға тиіскенде, кірген жағы – есік, шыққан жағы – жол болып қалушы еді, - депті.

Жазылым. Мәтінмен жұмыс.

2-тапсырма. Мәтіндегі жаңа сөздерді жазып, сөздік қорыңызды толықтырыңыз.

3-тапсырма. Мәтінде қандай сөздер жиі қайталанатын? Жиі қайталанатын сөздерді теріп жазыңыз.

Жаттығу жұмысы.

4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Кеменгер ойшыл, ұлы тұлға, ақын Абайдың қандай философиялық шығармасы бар?
2. Алдыңғы қатарлы елдің қатарына қосылу үшін нені игеру керек екенін нақтылайды?
3. Абай шығармашылығында өмірдің мәні мен мақсаты не?
4. Қазақ халқының дарабоз батыры кім?
5. Шақшақ Жәнібектен Қарақыпшақ Ерназар батыр нені сұрайды?

5-тапсырма. Берілген сөйлемнен септік жалғауларын табыңыз.

Заң – қоғамдағы бейбітшілік пен әділеттілікті қамтамасыз ететін және адамдар арасындағы қатынастарды реттейтін құрал. Ол адамның құқықтарын зорлық-зомбылықтан, ұрлықтан және басқа да қол сұғушылықтардан қорғайды. Заңдар қоғамдағы тәртіп пен тепе-теңдікті орнатады. Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Тәртіпке бас иген адам құл болмайды». Сондықтан, әр адамның және жалпы қоғамның басты міндеті – ол заңға бағыну. Егер заңдар болмаса қоғамда тәртіпсіздік пен бассыздық орын алатын еді.

Жазылым. Тапсырмаларды орындаңыз.

1. Мәтіннен бір сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.
2. Мәтіннің мазмұны бойынша бірнеше сұрақ құрастырып, жауабын жазыңыз.
3. «Мен білетін ғасырлық тұлға» тақырыбына эссе жазыңыз.

Айтылым.

Мәтін бойынша жазған сөздік жұмысын айтыңыз.

Мәтіннің қысқаша мазмұнын айтыңыз.

«Ұлы тұлғалардың қалдырған сөздері» тақырыбына қанатты сөздер айтыңыз.

Батырлық, ерлік туралы мақал-мәтелдер жазып айтыңыз.

Тыңдалым. Тілді дамыту.

Бұқаралық ақпарат құралдарынан «Ғасырлық тұлға» тақырыбына арналған бейне жазбаларды қарап тындап, пікіріңізді білдіріңіз.

4-сабақ. Бірінші бөлім аяқталды. Сабақтың жалғасы екінші бөлімде қарастырылады.